

ЭКОНОМИКА

ӘОЖ: 336.71

Айдарбекұлы А.

Орталық Азия университеті

БАНКТИҢ НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТІ

Аңдатпа

Банктердегі несиелік тәуекелдерді бағалау және басқару, бұл өте ұзақ мерзімді процесс болып табылады. Тәуекелдерді басқару банктердің коммерциялық операцияларды іс жүзеге асырған кезде үлкен, әрі маңызды роль атқарады. Тақырыптың өзектілігі тәуекелдер облысындағы әлемдік тәжірибені оқып білу және оның жергілікті жағдайға бейімделуі табылады.

Кілт сөздер: банктік тәуекел, тәуекел-менеджмент, тәуекел, несиелік тәуекел, тәуекелді бағалау, тәуекел өтімділігі, тәуекелді басқару.

Банк ісіндегі тәуекел бұл банктің өз ресурстарының бір бөлігін жоғалту, белгілі бір қаржылық операцияны жүргізу барысында көзделмеген қосымша шығын шығару немесе табысты толық ала алмау қаупі. Тәуекелдің сандық көрсеткіші ретінде мөлшері жасалатын шараның қауіптілігі деңгейін көрсететін банктің шығыны мен тәуекел саласындағы стратегияның сапасы алынады. Кірістің кіруін банк қызметкерлері қауіпті әрекеттің мүмкін салдары ретінде қарастырмайды. Тәуекел мен шығын, бір жағынан, табыс табу мүмкіндігіне қарама қайшы қойылады, екінші жағынан кірістің пайда болу табиғаты қауіп табиғатынан өзгеше. Дұрыс басқара білгенде әжептәуір табыс әкелетін несие операциялары банк ісінде айрықша орын алады. Сондықтан, басқару көп жағдайда банк қызметінің тиімділігін анықтайтын несие тәуекелі, негізгі банк тәуекелі болып табылады. Несиe тәуекелі, ең бірінші кезекте қаржы ресурстарын басқарумен байланысты экономикалық тәуекел болып табылады. [1, 107 б]

Коммерциялық банк қызметіндегі ең негізгі тәуекел түріне несиелік тәуекелдің жататыны белгілі және соның нәтижесінде банктер үлкен зиян шегеді. Несиелік тәуекелді сауатты басқаратын болса ғана ол банк қызметінде табыстылыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Несиелік тәуекел біріншіден, қаржылық ресурстарды басқарумен байланысты банктік тәуекелдің түрі ретінде анықталады. Бірақ ол өзге банктік несиелерден айырмашылығы, оның ссуда немесе займдарды берумен байланыстылығымен ерекшеленеді.

Несиелік тәуекел банктерге және олардың клиенттеріне бірдей дәрежеде қатысы бар мынадай факторларға тәуелді: іскерлік белсенділіктің төмендеуі; сұраныс деңгейінің азаюы; жабдықтаушылардың тәуекелі; форс-мажорлық жағдайлар, алаяқтық және т.б.

И.Т. Балабанов «Риск-менеджмент» атты еңбегінде несиелік тәуекел несиe берушінің алдындағы қарыздық міндеттемені орындамау қаупі, яғни несиенің қайтпай қалу қаупі деп берілген [2, 28 б.]. К.Р. Тагирбеков «Основы банковской деятельности» атты өзінің басылымында несиелік тәуекел қарыз алушының негізгі қарызды және пайызды төлемеу қаупі немесе контрагенттің несиелік мәмілеге қатысты өзіне алған міндеттемеге сәйкес әрекет ету қабілетсіздігі деп көрсетеді. [3, 235 б.]. Бүгінде осыған біршама жақын анықтаманы В. Платонов пен М. Хигнас былай береді: несиелік тәуекел контрагенттің келісім-шартта көзделген мерзім ішінде негізгі қарыз бен пайыз сомасын

толық немесе жартылай қайтармауымен банк алдындағы міндеттемесін орындай алмау тәуекелі [4, 82 б.].

С.Б. Мақыштың «Коммерциялық банктің қызметін басқару: жағдайы және болашағы» атты монографиясында несиелік тәуекел бұл несиелік келісім-шартта көрсетілген мерзім ішінде төлемдер және міндеттеме бойынша қарызды төлемеу ықтималдығы делінген [5, 33 б.]. Жоғарыда аталған ғалым-экономистердің пікірлерімен келісе отырып, біздің ойымызша, несиелік тәуекелдің мәнін түсінуге екі тәсіл тұрғысынан келу қажет. Оның біріншісі, банктік несиелік тәуекелін мынадай тар мағынада қарастыру болып табылады: а) несие бойынша төлемдердің төленбей қалу қаупі; б) банктің несиелік әрекетінің оның активтерінің құнын жоғалту мүмкіндігін және кепілдік міндеттемелерінің орындалмауын көрсетеді. Екіншісі, банктік несиелік тәуекелдің депозиттік операциялар саласында қатысуын кеңейтіп, оны кең мағынада (депозиттік құрамын есепке ала отырып) зерттеуді қолдайды.

Тарихына келетін болсақ тәуекел-менеджментінің ғылым ретінде қалыптасуы 1973 жылға келеді. Бұл жыл Бреттон-Вудсдегі нақты валюта жүйесінің енгізілуімен және Блэк пен Шоулздың атақты опцион құнын бағалау формуласын жариялауымен байланысты. Еркін жылжымалы валюта курсының жүйесіне көшуі көптеген дамушы елдерде валюталық тәуекелді басқарудың сандық өлшемі болды, ал Блэк пен Шоулз барлық нарықтық тәуекелді басқаруда теориялық негізде қабылданды [6, 403б.].

Тәуекел менеджменті бірнеше негізгі кезеңдерден тұрады: [7, 132 б].

- тәуекелдің негізгі түрлерін табу және оларды жіктеу;
- анықтаған тәуекелдерді көбейту немесе азайту шешімдерін қабылдау;
- ағымдағы тәуекелді бақылау процедураларын өткізу және дайындау.

Осы айтылған тәуекел менеджментінің элементтері банктің күнделікті тәжірибесінде және шетелдердің инвестициялық компанияларында және отандық қаржы институттарында қолданылады.

Тәуекел-менеджменті - тәуекелді бағалаудың барлық ұйымдастыру үдерісін қамтып, орындалуын бақылау және шешімдерді қабылдауда, тәуекелді басқарудың біртұтас жүйесі болып табылады.

Банк қызметін жіктей отырып, тәуекел-менеджментін келесідей түрде анықтауға болады:

- өз клиенттерінің қызығушылығын ең жақсы жолмен қанағаттандыра отырып банктің табысын жоғарылату;
- салымшылар мен кредиторлардың қызығушылығын сақтай отырып, банк балансының өтімділігін қамтамасыз ету;
- банк қызметінің көлемі және құрылымы, сапасы бойынша клиенттердің қажеттілігін қанағаттандыру.

Тәуекел-менеджментінің негізінде мақсатты бағыттарын іздеу және тәуекел дәрежесін төмендету бойынша жұмыстарын ұйымдастыру, анықталмаған шаруашылық жағдайда табыстарды көбейту және алу болып табылады.

Сонымен қатар тәуекел-менеджменті осы басқару үдерісінде пайда болатын қаржылық қатынастар, нақтырақ экономикалық және тәуекелді басқару жүйесі болып табылады.

Тәуекел менеджменті анықталған келесідей қызметтерді атқарады, нақтырақ:

1. басқару объектісінің қызметтері;
2. басқару субъектісінің қызметтері.

Несиелік тәуекелге қатысушыларды басқару мыналарды қамтиды:

- Қарыз алушының тәуекелін басқару.
- Эмитенттің тәуекелін басқару.
- Контрагент банктің тәуекелін басқару.

Банктің несиелік бөлімі бойынша тәуекел менеджментінің мақсатының негізіне:

- несиелік тәуекел жағдайын төмендету;
- тәуекел/табыс қатынастарын басқару;
- несиелік тәуекелді басқару жүйесін реттеу ұйымдары мен халықаралық стандарт талаптарына сәйкестендіріп жүргізу.

Несиелік тәуекел-менеджменті үдерісі ретінде бірқатар атқаратын қызметтерді қамтиды. Ондай қызметтерге жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, мотивациялау және бақылау жатады.

Несиелік тәуекел-менеджментінің ғылыми тұрғыдан несиелік тәуекелді басқару мәселелерімен айналысатын ғылым ретінде түсінуге болады.

Әдебиеттер

1. Ә.Д. Шелекбай., Н.А.Әлмерекөв Банк ісіндегі тәуекел-менеджмент: теориясы, әлемдік практика, Қазақстан тәжірибесі. - Алматы: Экономика, 2007. – 208 б.
2. Балабанов И.Т. Риск-менеджмент. - М.: Финансы и статистика, 1996. - 236 с.
3. Основы банковской деятельности /под ред. К.Р.Тагирбековой. - М.:Инф, 2003. - 235 с.
4. Банковское дело: Стратегическое руководство /под ред. В.Платонова, М.Хиггинса. - М: Консалтбанк, 1998. - 82 с.
5. Мақыш С.Б. Коммерциялық банктің қызметін басқару: жағдайы және болашағы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2009. – 285 б.
6. Питер С. Роуз Банковский менеджмент /пер. с англ. - М: Изд. Дело, 1997. – 768 с.
7. Нұртазинова А.С. Несиелік тәуекел-менеджментінің мазмұны мен құрылымы // Қазақстанда экономикалық ой-сананың дамуы: халық. ғыл.-тәжіриб. конф. матер. – Алматы: Экономика, 2006. – Б. 132-140.

Айдарбекұлы А.

КРЕДИТНЫЙ РИСК - МЕНЕДЖМЕНТ В БАНКЕ

В статье рассматриваются вопросы идентификации и управления банковскими рисками, представлена единая система управления банковскими рисками. Актуальность темы - данная статья исследования выражается в необходимости изучения методики оценки и управления рисками в коммерческих банках, связанных с динамичным ростом казахстанской банковской системы, ухудшением качества ссудного портфеля, обуславливающего рост кредитных рисков, выходом казахстанских банков на внешние рынки.

Ключевые слова: риск в банковской практике, банковский риск, процентный риск, портфельный риск, валютный риск или риск курсовых потерь, кредитный риск, риск ликвидности, рыночный риск, дискриминантный анализ, управление системой банковских рисков, риск-менеджмент.

Aidarbekuly A.

CREDIT RISK MANAGEMENT IN COMMERCIAL BANK

The article describes credit risk management in commercial banks. Indicates the place of credit risk among others, traced the stages of its occurrence in the loan process and identifies significant moments in his assessment, as well as provides tools for risk management. In

addition, proposed the organization chart of risk-based lending process. In terms of increasing banking risks, enhance inter-bank competition, more stringent requirements to the latter imposed by oversight bodies, it is difficult to overestimate the crucial role of risk - management in banks.

Keywords: risk in bank practice, bank risk, leasing, factoring, percent risk, currency risk, portfolio risk, risk of liquidity, market risk, discriminate risk, management of system of bank risks, risk management.

UDC 631.162.11

N.A. Baiboltayeva

Kazakh National Agrarian University

PROBLEM OF BIOLOGICAL ASSETS AND AGRICULTURAL PRODUCT IN
ACCORDANCE WITH IFRS (IAS) 41 "AGRICULTURE"

Annotation

The article defines the basic accounting problems of biological assets and agricultural product in the Republic of Kazakhstan in modern conditions; the notion of a biological asset; recognition of asset as a biological refined and expanded; the main directions for improving accounting standards of biological assets and agricultural products.

Keywords: agriculture, biological assets, accounting, international financial reporting standards.

Accounting is a main information base of management of agricultural organizations. It should provide all the necessary information needs of internal management organizations and external users of financial statements for the adoption and implementation of objective economic decisions. This requires to do more active steps, to reform accounting in agriculture in accordance with generally accepted principles and requirements of International Financial Reporting Standards (IFRS). It should be based on the principle of continuity in order to preserve the achievements of methodology of national science and practice of accounting for its harmoniously progressive adaptation in accordance with IFRS.

Integration processes led to the emergence of a new accounting category - "biological assets", in connection with what impact the need to adjust Kazakh accounting practices in accordance with IFRS (IAS) 41 "Agriculture".

According to this standard, biological assets are created as a result of past facts of economic life (change, transformation) of plants and animals suitable for further (controlled and measured by the organization) biotransformation to obtain economic benefits [1, p.211].

IFRS (IAS) 41 is used for accounting biological assets, agricultural product at the point of harvest and government grants related to biological assets in agriculture.

Implementation of IFRS (IAS) 41 "Agriculture" requires the development of primary documents, clarifications regarding the reflection of biological assets in accounting (financial statements), improving working chart of accounts, account policy of Kazakh agricultural enterprises.

Certain work on the adaptation of IFRS (IAS) 41 "Agriculture" into Kazakhstan's accounting practice was done to date. The chapters of "Accounting for biological assets " were worked out in the National Standards of Financial Statements (NSFS -1, NSFS-2), guidelines on accounting for biological assets were developed. However, many of the organizational and methodological problems were not resolved. In particular, the issues of the conceptual apparatus use IFRS 41; evaluation of synthetic analytical accounting biological assets; issues of disclosure of data on agricultural activities in the financial statements were underdeveloped.